



Қысқа мерзімді жоспар		
Бөлім	***Робототехника. Жоба (ортақ тақырыптары: "Атадан қалған асыл мұра", "Атақты тұлғалар")***	
Педагогтың аты-жөні	Купбаева Д К	
Күні	16.01.2025-21.01.2025	
Сынып: 3 АВК	Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Жобаға арналған идея.	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	3.1.1.1 мәтіндік процессорда пернетақтаны қолданып символдар регистрін, батырмалардың орналасу нұсқасын және меңзерді басқару тәсілін ауыстыру; 3.2.1.1 мәтінді теру ережелерін ұстану; 3.2.1.2 мәтіндік процессорда мәтінді өңдеу	
Сабақтың мақсаттары	Мәтінді теру ережелерінғ мәтінді өңдеуді үйрену.	
Құндылықтарға баулу	- бірлік және ынтымақ - тәуелсіздік және отаншылдық - әділдік және жауапкершілік	

Сабақ кезеңі / уақыты	Педагогтың іс-әрекеті	Білім алушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы:	***I. Ұйымдастыру бөлімі*** А) оқушылармен амандасады. Б) оқушыларды түгендеп, зейіндерін сабаққа аударады. **II. Өткен тақырыпты бекіту** Сұрақ -жауап арқылы білімдерін тексереді.	Оқушылар мұғаліммен амандасып, сабаққа кіріседі. Сұрақтарға жауап береді.	Мұғалімнің бағалауы: - Жарайсыздар! - Тамаша! - Керемет!	Электронный оқулық, дәптер
Сабақтың ортасы	**А/** жаңа тақырыпқа көпір **«Мозаика»** */ кескен қағаздарды құрастыра отырып, бүгінгі сабақтың тақырыбын табу керек/* <u>Жаңа материалды игеру</u> «Жобаға идея Практикалық жұмыс» Сабақтың мақсаты мен бүгінгі сабақтың табыс критерийімен таныстырамын. **Б/ Жаңа материалды игеру** ***«Оқып ал!» әдісі***	Бүгінгі тақырыпты табады. Бүгінгі күннің жадын жазып, тақырыпты жазып алады. Тақырыпты оқып танысады және топпен талқылап, мұғалімге жеткізеді.	- Жарайсыздар! - Тамаша! /Қолпаштау, мадақтау/ - Жарайсыздар! - Тамаша! /Қолпаштау, мадақтау/	Мозаика Құндылық: «Жасампаздық және жаңашылдық» Электронный оқулық,, дәптер Слайд шоу 27-28 бет Электронный оқулық, Көрнекіліктер Құндылық: «Еңбеккорлық және кәсіби біліктілік»

	/оқушылар тақырыпты өздері оқып, түсініп, талқылайды/ **<u>Практикалық тапсырмалар</u>** 1 тапсырма **Жұптық жұмыс**  Word редакторында өзің білетін қазақ халқының ертегілерінің атын теру 1. Мәтіндік редакторды іске қос. 2. Жаңа құжат құр *(3-сурет, қызыл бағыттамалар)*. 3. Жұмыс алаңының ортасына тінтуірмен шертіп, «Қазақ халқының ертегілері» деп, тақырыпты тер. 4. Мәтінді теру ережесін сақтай отырып, қазақ ертегілерінің атауларын тер. 5. Терген мәтініңді сақта *(3-сурет, жасыл бағыттама)*. Қазақ халқының ертегілері Қазақ ауыз әдебиетінің ертеден келе жатқан көне асыл мұраларының бірі – ертегілер. Ертегілер ұрпақтан ұрпаққа ауызша тарап отырған. Ертегіден халқымыздың ертеңге деген сенімі мен арманын, тілегін, қиялын, даналығын, ғасырлық өмір тәжірибесін байқауға болады. ***<u>Қауіпсіздік ережелерін еске түсіру</u>*** **Қалыптастырушы бағалау (Керібайланыс) «Смайлик» әдісі** 2 тапсырма **Жұптық** жұмыс  Төменде берілген өрнектер туралы ақпарат іздеңдер. «Бұл өрнектерге қандай атау беруге әдіңдер? Бұл өрнектер қандай бұйымдарға салынуы мүмкін?» сұрақтарына өз жауаптарыңды мәтіндік редакторда теріңдер. Ою-өрнектердің суретін салып көріңдер. 1 2 3 4  МӘЗІР ӨШІРГІШ №2  Қайдан «Қазақтың ұлттық ою-өрнегі» жобасын дайындау алгоритмі 1. Интернеттен қазақ халқының ою-өрнегі туралы ақпарат пен сурет жинақта. **Жұмыс үстелінде** (экран бетінде) **Жоба** бумасын жасаңдар, оны сақта. 2. Мәтіндік редакторды іске қос. Жаңа құжат құрып, оған «Қазақтың ұлттық ою-өрнегі» атауын бер. 3. Жинақтаған ақпараттан бес сөйлемнен тұратын мәтін құрастыр. Құрастырған сөйлемдеріңді редакторда тер. 4. **Жоба** бумасын аш. Қажетті суретті тінтуірдің оң жағымен шертіп, **Контекстік мәзірді** аш. Мәзірден **Көшіру** (Копировать) командасын басып, суретті көшіріп ал. 5. Мәтіндік редакторды ашып, **Қою** (Вставить) *(5-сурет)* батырмасы арқылы төргөн сөйлемдеріңіңің соңына суретті орналастыр *(6-сурет)*.  Қазақтың ою-өрнегін үй жиһаздарын, сәндік, тұрмыстық бұйымдар мен киімдерді нақыштап безендіру үшін пайдаланады. Ою-өрнектердің жануар, өсімдік сипатты, геометриялық және т.б. түрлері бар. *6-сурет.* «Қазақтың ұлттық ою-өрнегі» жобасын дайындау кезеңдері	Әр жұп өздеріне берілген тапсырманы ноутбукта орындайды және жұппен бірге талдап, қорғайды. Күіпсіздік ережелерін сақтай отырып, ноутбукпен жұмыс жасайды. Смайлик арқылы жұптар бір-бірін бағалайды Жұптасып тапсырманы орындайды	**Дескриптор** Тапсырманы орындайды **Дескриптор** Wordқа өз жауабын тереді Қазақтың ұлттық ою өрнектерін алгоритм бойынша жобалайды Мұғалімнің бағалауы: - Жарайсыздар! - Тамаша! - Керемет!	Ноутбук Тапсырма жазылған топшамалар Құндылық: «заң және тәртіп» смайлик топшама Электронный оқулық, Суреттер

	Қалыптастырушы бағалау (Керібайланыс) Мұғалімнің ауызша бағалауы ***Сергіту сәті*** **2 тапсырма** **Жеке жұмыс**  **ЕББҚО** Қазақтың қандай ұлттық ою өрнектері бар?	сергіту биін билейді. Әр оқушы ауызша жауап береді. Тапсырманы орындайды.	**Дескриптор** Сұрақтарға жауап береді Жарайсыздар!	Электронный оқулық, топшама
Сабақтың соңы:	**1. Бекіту** *«Балмұздақ таяқшалары» әдісі арқылы сұрақтар* 1. Мәтіндік редактордың өзіңе ұнаған үш қызметін (командаасын) сипатта? 2. Мәтін бөліктерін ерекшелеудің қандай тиімді әдстері бар? 3. Мәтінді редакциялау үшін қажет болатын құралдарды жаз. **Қалыптастырушы бағалау (Керібайланыс) «Асық» әдісі** **Бүгінгі сабақтың табыс критерийіне кері тоқталып, талқылаймыз.** **2.Қорытынды (Рефлексия)** **«Білім сатысы» әдісі** **3.Бағалау**	Оқушылар балмұздақ таяқшаларындағы сұрақтарына жауап береді. Оқушылар асық әдісі арқылы керібайланыс жасайды. Оқушылар жауап береді. оқушылар бүгінгі сабақ бойынша керібайланысқа жауап береді.	Мұғалімнің бағалауы: - Жарайсыздар! - Тамаша! - Керемет! **Жасыл**- Барлығы түсінікті болды. **Сары** – Кейбір сұрақтарына қиналдым. **Қызыл**- Маған қиын болды. Жарайсыз! Тамаша! Керемет! Жарайсыздар!	*Балмұздақ таяқшалары* Құндылық: «Әділдік және жауапкершілік» Асық суреті Көрнекілік Плакат Бағалау белгілері

	Бүгінгі сабаққа қатысқандары бойынша оқушыларды мадақтап өтеді		Керемет орындадыңыздар! Сабаққа белсенді қатыса білдіңіздер?	Мысалы: Жұлдыз т.б.